



# Қазақстан Республикасының Парламенті

- Сенат

\* Мәжіліс



# Мемлекеттер типологиясы:

## Биліктің басқару түрлеріне қарай:

**монархиялық**

**республикалық**

**Абсолюттік .  
конституциялық .**

**президенттік.  
парламенттік.  
аралас.**



# Сандық табло

1	2	3	4	5
6	7	8	9	10
11	12	13	14	15

**1. Қазақстан Республикасының Парламенті қандай орган?**

**ҚР Парламенті – Қазақстан Республикасындағы заң шығару қызметін жүзеге асыратын ең жоғары өкілетті орган**

**2. Парламент неше палатадан тұрады? Оларды ата.**

**Ол екі палатадан: Сенат пен Мәжілістен тұрады.**

**3. Сенат қандай палата?**

**Сенат депутаттарының өкілеттілік мерзімі неше жыл?**

**Сенат – ҚР Парламентінің жоғарғы палатасы. Өкілеттік мерзімі – 6 жыл.**



# Сандық табло

1	2	3	4	5
6	7	8	9	10
11	12	13	14	15

**4. Мәжіліс қандай палата? Мәжіліс депутаттарының өкілеттілік мерзімі неше жыл?**

**Мәжіліс – ҚР Парламентінің төменгі палатасы. Өкілеттік мерзімі – 5 жыл.**

**5. Сенаттың құрамы қандай?**

**Сенат өкілеттігі мерзіміне Республика Президенті тағайындаған 15 депутаттан, және әр облыстан, республикалық маңызы бар қаладан және республика астанасынан екі адамнан сайланады. Барлығы 47 депутат (болашақта олардың саны орнынан кеткен президенттер қатарынан көбейеді).**

## 2013 жылы Парламент қабылдаған, Әділет министрлігі соңғы жылдары әзірлеген заң жобалары

1. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әртүрлі заңнамалық актілердің құқық нормалары арасындағы қайшылықтарды, оқшылықтарды, коллизияларды және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» *(66 заңнамалық актіге, оның ішінде 7 Кодекске түзетулерді көздейді)*

2. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы-экономикалық қылмыстарды одан әрі қылмыстық сипаттан арылту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» *(заң жобасы қағамға зор қауіп төндірмейтін экономикалық қылмыстардың бөлек нормаларын одан әрі қылмыстық сипаттан арылту бойынша кезекті кезеңі болып табылады және ҚР ҚК-тің 190, 191, 193, 199, 202, 203, 205-1, 208, 217, 219- баптарына түзетулер енгізеді)*

3. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне төреліктің және аралық соттың қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» *(төреліктің және аралық соттың құзыретін оларды қолданыстағы заңнамада көзделгендей азаматтық-құқықтық шарттардан емес азаматтық-құқықтық қатынастардан туындайтын дауларды қарау құқығын беру арқылы кеңейтуді көздейді)*

4. «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына конституциялық мерзімдерді есептеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» *(«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы», «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» Конституциялық заңдарда көзделген конституциялық мерзімдердің басталуы мен аяқталуын есептеу тәртібін бекітуді көздейді )*